

## Акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаражатты пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 12 сәуір 1994 ж. N 1643

Белсенді инвестициялық саясат жүргізу мен жекешелендіру процесін тереңдету мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мемлекеттік акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаражат солардың шотына жазылып, тек қана өз өндірісін және техникамен қайта жарақтануын инвестициялауға жұмсалады.

2. Ұлттық, мемлекеттік акционерлік, соның ішінде холдинг компанияларға кіретін мемлекеттік акционерлік қоғамдар үшін акциялардың мемлекеттік пакетін сатудан алынған қаражат солардың шоттарына жазылып, тек қана компанияларға кіретін кәсіпорындардың өндірісін және техникамен қайта жарақтануын инвестициялауға, компаниялар қызметін сан салалы дамытуға жұмсалады.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

4. Осы Жарлықтың Заң күші бар және "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңадан

сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізісін.

6. Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы, 1994 жылғы 12 сәуір

N 1643

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК